

Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шаралардың тақырыптық бағыттарын айқындау жөніндегі қағидаларды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 20 қаңтардағы № 9 бүйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 20 қаңтарда № 31740 болып тіркелді

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 9-4) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шаралардың тақырыптық бағыттарын айқындау жөніндегі қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін:

1) осы бүйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бүйрық қолданысқа енгізілгеннен кейін күнтізбелік үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы тармақпен көзделген іс-шара орындалғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шараның орындалуы туралы мәлімет ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бүйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі

A. Оралов

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі  
2023 жылғы 20 қаңтардағы  
№ 9 бүйрығымен  
бекітілген

Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шаралардың тақырыптық бағыттарын айқындау жөніндегі қағидалар

## **1-тaraу. Жалпы ережелер**

1. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шаралардың тақырыптық бағыттарын айқындау жөніндегі қағидалар (бұдан әрі – Қағидалар) "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 9-4) тармақшасына сәйкес әзірленді және бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шаралардың тақырыптық бағыттарын айқындау тәртібін айқындауды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) мәдени іс-шара – мәдени және рухани құндылықтарды жасауға, жаңғыруға, сақтауға, қорғауға, дамытуға, таратуға және пайдалануға байланысты, жеке адамның жарасымды дамуына, әрбір адамның патриотизмін тәрбиелеуге және эстетикалық қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандыруға бағытталған іс-шара;

2) мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар – халықаралық, республикалық және жергілікті деңгейлерде есте тұту және мерейтой күндерін, мәдениет күндерін, фестивальдар, байқаулар, конкурстар, көрмелер өткізу және көрнекті мемлекет қайраткерлерін мәңгі есте қалдыру жөніндегі іс-шаралар;

3) мәдениет саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – мәдениет саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган.

## **2-тaraу. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шаралардың тақырыптық бағыттарын айқындау тәртібі**

3. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шаралардың тақырыптық бағыттары "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, "Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 28 қыркүйектегі № 1465 қаулысына, "Республикалық конкурстар мен фестивальдерді өткізу үлгілік қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 56 бүйрүғына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6923 болып тіркелген) сәйкес айқындалады.

4. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шаралардың тақырыптық бағыттары ағымдағы күнтізбелік жылда тиісті жоспарлы кезеңге айқындалады.

5. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралардың тақырыптық бағыттары мынадай өлшемшарттардың бірі бойынша айқындалады:

1) өскелең ұрпақты эстетикалық және адамгершілік тәрбиелеуге, халықтың мәдени және рухани деңгейін арттыруға бағытталған іс-шаралар;

2) Қазақстан халықтарының мәдениеті мен ұлттық дәстүрлерін дамытуға бағытталған іс-шаралар;

3) мемлекеттік-саяси іс-шараларды мерекелеу;

4) елімізде және шетелде республика өнері мен әлемдік мәдениеттің үздік шығармашылық жетістіктерін насихаттауға бағытталған іс-шаралар;

5) республикалық деңгейде атап өтілетін, жалпыхалықтық тарихи, рухани және мәдени маңызы бар оқиғалардың мерейтойлық және атаулы күндері;

6) рухани мәдениетті дамытуға, мемлекеттің қалыптасуы мен нығаюына зор үлес қосқан, халыққа кеңінен танымал әйгілі қайраткерлердің, ғылым мен өнердің көрнекті қайраткерлерінің мерейтойлары.

6. Қазақстан Республикасында және шет елдерде бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын мәдени іс-шаралардың тақырыптық бағыттары мынадай өлшемшарттардың бірі бойынша айқындалады:

1) тұлғаның үйлесімді дамуына бағытталған мәдени және рухани құндылықтарды құруға, жаңғыртуға, сақтауға, қорғауға, дамытуға, таратуға және пайдалануға, патриотизмге тәрбиелеуге және әрбір адамның эстетикалық қажеттіліктері мен мұдделерін қанағаттандыруға байланысты іс-шаралар;

2) мәдени және рухани құндылықтарды жасауға, жаңғыртуға, сақтауға, қорғауға, дамытуға, таратуға және пайдалануға байланысты, жеке адамның жарасымды дамуына, әрбір адамның патриотизмін тәрбиелеуге және эстетикалық қажеттіліктері мен мұдделерін қанағаттандыруға бағытталған іс-шара.

7. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі мәдениет саласындағы әлеуметтік маңызы бар іс-шаралар мен мәдени іс-шаралардың тақырыптық бағыттары уәкілетті органмен әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралардың күнтізбелік жоспарында қалыптастырылады.